

Аңшы, балықшы және қорықшы куәліктерінің нысанын және оны беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 29 сәуірдегі N 301 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 25 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6261 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 2 ақпандағы № 60 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2018 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы

1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.12.2015 № 18-03/1111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес аңшы куәлігінің нысаны;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес балықшы куәлігінің нысаны;
- 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес қорықшы куәлігінің нысаны;
- 4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес аңшы, балықшы және қорықшы куәлігін беру ережесі бекітілсін.

2. Келесі бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын:

- 1) "Қазақстан Республикасының аңшы куәлігін беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті төрағасының 2004 жылғы 19 қарашадағы № 246 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3274 нөмірмен тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілерінің бюллетенінде жарияланған, 2007 ж., № 5, 261-күжат) бұйрығы;

2) "Қазақстан Республикасы аңшысының куәлігін беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті төрағасының 2004 жылғы 19 қарашадағы № 246 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті төрағасының міндетін атқарушысының 2007 жылғы 12 шілдедегі № 231 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 4830 нөмірмен тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында, 2007 жылғы шілде-тамызда жарияланған) бұйрығы.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Табиғат ресурстарын пайдалану стратегиясы департаменті осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркеуден өтуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық бірінші рет ресми жарияланғаннан бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Күрішбаев

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2010 жылғы 29 сәуірдегі
№ 301 бұйрығына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда қарастырылады - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.10.24 № 17-03/541 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрінің 29.11.2013 № 362-Ө (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Нысан

Аңшы куәлігі

Аңшы куәлігінің мұқабасы

(көлемі 105 x 80 мм, түсі жасыл, жазбасы қою сары түсті,
қысып басу әдісімен жасалады)

Қазақстан Республикасы Аңшы куәлігі
--

Аңшы куәлігі бланкісінің 1-парағы

(мұқабаның ішкі бетінің сол жағына желімденеді)

Куәлік 20 __ ж. " __ " _____ берілді, 20 __ ж. " __ " _____ дейін жарамды.

2-парақ

АҢШЫЛЫҚ СУЫҚ ҚЫЛЫШ ҚАРУДЫ ТІРКЕУ

Қарудың атауы	Нөмірі	Сатушы ұйымның белгісі

АҢ АУЛАЙТЫН ИТТЕРДІ, ҚЫРАН ҚҰСТАРДЫ ТІРКЕУ

Тұқымы (түрі), түсі, сақина, микрочип нөмірі	Туған күні	Иттің ветеринарлық тіркеу құжаты, паспорты	Итті аң аулауға жіберу туралы белгі, қыран құсты қолда ұстау мерзімі

3-парақ

ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ БЕЛГІ

Есепке алынды	Есептен шығарылды	Тұрақты тұрғылықты жерінің мекен-жайы

4-парақ

(куәлік мұқабасының ішкі оң жағына желімделеді)

Куәлік тіркелді:

" __ " _____ 20 __ ж. " __ " _____ 20 __ ж.
" __ " _____ 20 __ ж. " __ " _____ 20 __ ж.
" __ " _____ 20 __ ж. " __ " _____ 20 __ ж.
" __ " _____ 20 __ ж. " __ " _____ 20 __ ж.
" __ " _____ 20 __ ж. " __ " _____ 20 __ ж.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2010 жылғы 29 сәуірдегі
№ 301 бұйрығына
2-қосымша

Нысан

Балықшы куәлігі

Аңшы куәлігінің мұқабасы

(көлемі 105x80 мм, түсі көк, жазбасы қою сары түсті, қысып басу әдісімен жасалады)

Балықшы куәлігі

Балықшы куәлігі бланкісінің 1-парағы
(мұқабаның ішкі бетінің сол жағына желімденеді)

(балық шаруашылығы субъектісінің Т.А.Ж, атауы)
№__ балықшы куәлігі

3x4 см фотосуретке арналған орын

(Тегі, аты, әкесінің аты)

Туған күні "___" _____ ж.

М.О.

Аңшының өтілі _____ ж. бастап

Куәлік _____

(балық шаруашылығы субъектісінің атауы, мөр, куәлікті берген лауазымды тұлғаның қолы) _____ берілді

Берілген күні 20__ ж. "___" _____, 20__ ж. "___" _____ дейін жарамды.

Балықшы куәлігі бланкісінің 2-парағы

(мұқабаның ішкі бетінің оң жағына желімденеді)

Куәлік

20__ ж. "___" _____ 20__ ж. "___" _____ 20__ ж. "___" _____

20__ ж. "___" _____ 20__ ж. "___" _____ 20__ ж. "___" _____ 20__

ж. "___" _____ 20__ ж. "___" _____ 20__ ж. "___" _____ дейін ұзартылды.

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

2010 жылғы 29 сәуірдегі

№ 301 бұйрығына

3-қосымша

Нысан

Қорықшы куәлігі

Қорықшы куәлігінің мұқабасы

(көлемі 95x66 мм, түсі қызыл, жазбасы алтын түсті, көгілдір түсті фонда баспаханалық тәсілмен жасалады)

Қорықшы куәлігі

Қорықшы куәлігі бланкісінің 1-парағы
(мұқабаның ішкі бетінің сол жағына желімделеді)

_____ (аңшылық немесе балық шаруашылығы субъектісінің Т.А.Ж, атауы)

№__ қорықшы куәлігі

3x4 см фотосуретке арналған орын

_____ (Тегі, аты, әкесінің аты)

_____ (лауазымы)

Туған күні "___" _____ ж.

М.О.

Куәлік _____ (аңшылық немесе балық шаруашылығы субъектісінің атауы, мөр, куәлікті берген лауазымды тұлғаның қолы)

_____ берілді

Берілген күні 20__ ж. "___" _____, 20__ ж. "___" _____ дейін жарамды.

Қорықшы куәлігі бланкісінің 2-парағы

(мұқабаның ішкі бетінің оң жағына желімделеді)

_____ (аңшылық немесе балық шаруашылығы субъектісінің Т.А.Ж, атауы)

№__ қорықшы куәлігі

_____ (Тегі, аты, әкесінің аты)

_____ аңшылық немесе балық шаруашылығы субъектісінің атауы)

"Қорықшыларға арналған айырым белгілері бар арнайы киім киюге, қызметтік қаруды алып жүруге және табиғат қорғау заңнамасын бұзғаны жөніндегі хаттама толтыруға құқығы бар".

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің

Аңшы, балықшы және қорықшы куәлігін беру ережесі

Жалпы ережелер

1. Осы Аңшы, балықшы және қорықшы куәлігін беру ережесі (бұдан әрі – Ереже) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және аңшы, балықшы және қорықшы куәліктерін беру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.12.2015 № 18-03/1111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:

- 1) аңшы – аң аулауға құқық алған жеке тұлға;
- 2) балықшы – бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде өз еңбек міндеттеріне қарай балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды жүзеге асыратын балық шаруашылығы субъектісінің қызметкері;
- 3) қорықшы – бекітіліп берілген аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде жануарлар дүниесі объектілерін қорғауды жүзеге асыратын қорықшы қызметінің қызметкері;
- 4) аңшы куәлігі – жеке тұлғаның аң аулау құқығын куәландыратын құжат;
- 5) балықшы куәлігі – жеке тұлғаның балықшы функцияларын жүзеге асыру құқығын куәландыратын, балық шаруашылығы субъектісі беретін құжат;
- 6) қорықшы куәлігі – жеке тұлғаның қорықшы қызметі қызметкерінің функцияларын жүзеге асыру құқығын куәландыратын құжат;
- 7) балық шаруашылығы субъектісі – негізгі қызметінің бағыты балық шаруашылығын жүргізу болып табылатын жеке және заңды тұлға;
- 8) аңшылық шаруашылығы субъектісі – бекітіліп берілген аңшылық алқаптарда аңшылық шаруашылығын жүргізетін жеке немесе заңды тұлға;
- 9) аңшылыққа қойылатын ең төменгі талап (аңшылық минимумы) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасы бойынша арнайы бағдарлама.

2. Аңшы куәлігін беру тәртібі

3. Аңшы куәлігін тұрғылықты жері бойынша 10 жылға аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастығының (бұдан әрі - қауымдастық) филиалдары мен өкілдіктері береді.

Аңшы куәліктерін жыл сайын тіркеуді қауымдастық жүргізеді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрінің 29.11.2013 № 362-Ө бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

4. Аңшы куәлігімен бір мезгілде қауымдастық филиалдары мен өкілдіктері осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік баж төленгені туралы түбіртек қоса тіркелетін аңшының есепке алу карточкасын толтырады, содан кейін аңшының жеке ісі қалыптастырылады, ол аңшы куәлігін қолдану мерзімі бойы бөгде адамдардың қолы жетпейтін жабық шкафтарда сақталады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - РҚ Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.10.24 № 17-03/541 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Жеке тұлғалар аңшылық минимумы бойынша емтихан тапсырғанға дейін аңшылық минимумы бағдарламасы бойынша даярлық курсынан өтеді.

Аңшылық минимумы бағдарламасы бойынша даярлық курсынан өткеннен кейін жеке тұлғаға қолданылу мерзімі 1 жылдық сертификат беріледі, осы мерзім ішінде жеке тұлға аңшылық минимумы бойынша емтихан тапсырады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрінің 29.11.2013 № 362-Ө бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

6. Аңшы куәлігін алу үшін жеке тұлғалар қауымдастық филиалына немесе өкілдігіне осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауалнама ұсынады.

Сауалнамаға мына құжаттар қоса тіркеледі:

1) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі (азаматтығы жоқ адамдар мен шетелдік азаматтар үшін - төлқұжатының және Қазақстан Республикасының аумағында болуының заңдылығын растайтын құжаттың көшірмесі);

2) көлемі 3x4 сантиметр фотосуреттер (түрлі-түсті) - 3 дана;

3) аңшылық минимум бойынша курсты аяқтағаны туралы сертификаттың көшірмесі (Қазақстан Республикасының азаматтары үшін).

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрінің 29.11.2013 № 362-Ө бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

7. Ескерту. 7-тармақ алынып тасталды - РҚ Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.10.24 № 17-03/541 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Ескерту. 8-тармақ алынып тасталды - РҚ Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.10.24 № 17-03/541 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Ескерту. 9-тармақ алынып тасталды - РҚ Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.10.24 № 17-03/541 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Аңшы куәлігін беруді осы Қағиданың 6-тармағында көрсетілген қауымдастық филиалының немесе өкілдігінің жауапты тұлғасы құжаттарды тапсырғаннан кейін 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей жүргізеді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - РҚ Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.10.24 № 17-03/541 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Аңшы куәлігін оның қолданыста болу мерзімі аяқталғаннан кейін ауыстыру, сондай-ақ қолданыста болу мерзімі бітпей жоғалту себебінен немесе жарамсыз болып қалғандықтан дубликат беру есепке алу карточкасының негізінде жүргізіледі.

12. Аңшыларды есептен шығару және есепке қою олар аумағында аңшы куәлігі берілген әкімшілік-аумақтық бірліктен (облыстан) тыс жерлерге тұрақты тұратын жерге көшіп келген кезде жүргізіледі.

Бұл жағдайда аңшы келген күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде жаңа тұрғылықты жері бойынша қауымдастықтың филиалында немесе өкілдігінде есепке тұрады. Бұл ретте қауымдастықтың тиісті филиалы немесе өкілдігі аңшының ол тіркелген бұрынғы орыннан кеткені туралы белгісі бар есепке алу карточкасының түпнұсқасын және оның жеке ісін сұратады. Аңшының бұрынғы тіркелген орны бойынша қауымдастықтың филиалында немесе өкілдігінде аңшының есепке алу карточкасының және есепке алу карточкасы мен жеке істің түпнұсқасын жаңа есепке алу орнына жіберу туралы белгісі бар және оларды жіберудің негізі көрсетілген ілеспе хаттың көшірмесі сақталады.

Әкімшілік-аумақтық бірлік (облыс) шегінде аңшының тұрақты тұратын жері өзгерген кезде, сондай-ақ аңшы куәлігі мен есепке алу карточкасында ескерілетін басқа да деректер өзгерген кезде аңшы 30 күнтізбелік күн ішінде болған өзгерістер туралы өзі есепте тұрған жерге хабарлайды.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - РҚ Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.10.24 № 17-03/541 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Ескерту. 13-тармақ алынып тасталды - РҚ Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.10.24 № 17-03/541 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Аңшы куәлігінің берілуі осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аңшы куәлігін беру журналында тіркеледі.

Аңшы куәлігін беру және жыл сайын тіркеу кезінде ол осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша арнайы мөрмен (бұдан әрі - арнайы мөр) куәландырады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрінің 29.11.2013 № 362-Ө бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

15. Ескерту. 15-тармақ алынып тасталды - РҚ Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.10.24 № 17-03/541 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Ескерту. 16-тармақ алынып тасталды - РҚ Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.10.24 № 17-03/541 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Ескерту. 17-тармақ алынып тасталды - РҚ Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.10.24 № 17-03/541 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Белгіленген нысан бойынша берілген аңшы куәліктері туралы есептілік " Аңшы куәліктерін беру жөніндегі есептіліктің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің

2015 жылғы 30 сәуірдегі № 18-03/404 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11735 болып тіркелген) сәйкес беріледі.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.12.2015 № 18-03/1111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Балықшы куәлігін беру тәртібі

19. Балықшы куәлігін беру бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде атқаратын міндеттеріне сәйкес балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды жүзеге асыратын осы балық шаруашылығы субъектісінің қызметкерлеріне балық шаруашылығы субъектісінің өкілімен жүзеге асырылады.

20. Балықшы куәлігін беруді жүзеге асыратын балық шаруашылығы субъектісінің өкілі балық шаруашылығы субъектісі басшысының бұйрығымен тағайындалады.

21. Егер балықшы куәлігі жоғалса немесе жарамсыз болып қалса балық шаруашылығы субъектісі балықшының өтініші бойынша балықшы куәлігіне дубликат береді.

22. Балықшы куәлігінің қолданылу мерзімі балық шаруашылығы субъектісімен бекітіледі.

23. Куәліктің әрекет ету мерзімі аяқталса немесе балықшы жұмыстан босатылған жағдайда куәлік балық шаруашылығы субъектісіне қайтарылып беріледі.

4. Қорықшы куәлігін беру тәртібі

24. Қорықшы куәлігін беру аңшылық және балық шаруашылығы субъектісімен бекітіліп берілген аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде жануарлар дүниесі объектілерін қорғауды жүзеге асыратын қорықшы қызметінің қызметкерлеріне Инспекцияға жұмысқа қабылданған қызметкерлер туралы ақпарат ұсынылып жүзеге асырылады.

25. Қорықшы куәлігін беруші аңшылық және балық шаруашылығы субъектісінің өкілі аңшылық және балық шаруашылығы субъектісі басшысының бұйрығымен тағайындалады.

26. Қорықшы куәлігі жоғалса немесе жарамсыз болып қалса қорықшының өтініші бойынша қорықшы куәлігіне дубликат беріледі.

27. Қорықшы куәлігі мерзімінің ұзарту мүмкіншілігімен бір жылға жарамды.

Аңшы, балықшы және қорықшы
куәлігін беру ережесіне
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.12.2015 № 18-03/1111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

Аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастығы

(аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктері қауымдастығының филиалы немесе өкілдігі)

Аңшының есептік карточкасы

3 x 4 см фотосуретке арналған орын	Тегі _____
	Аты _____ Әкесінің аты _____
	Туған күні " __ " _____ жылы
	Жеке куәлігі/паспорты _____
	ЖСН _____
	Үйінің мекенжайы, телефоны _____
Аңшының өтілі 20__ жылы бастап	

№ _____ аңшы куәлігі " ____ " _____ 20 ____ жылы берілді.
Аңшылық минимумы бойынша емтихан тапсырғаны туралы белгі _____

(емтихан алу комиссиясы хаттамасының нөмірі және күні)

Тұлғаның қолы және мөр _____

Ерекше белгілер

1. Аңшылық қарудың бар-жоғы туралы мәліметтер

Түрі	Маркасы	Калибрі	Шығарылған жылы	Зауыттық нөмірі	Басқа да

2. Аң аулайтын итті, қыран құсты тіркеуге алу

Тұқымы (түрі), түсі, сақина, микрочип нөмірі	Туған жылы	Иттің ветеринариялық тіркеу құжаты, паспорты	Итті аң аулауға жіберу туралы белгі, қыран құсты қолда ұстау мерзімі

3. Жол берілген жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар туралы белгілер _____

Аңшы куәлігі тіркелді:

20 ____ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____ 20 ____ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____
20 ____ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____ 20 ____ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____
20 ____ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____ 20 ____ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____
20 ____ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____ 20 ____ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____
20 ____ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____ 20 ____ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____

Есепке алу және есептен шығару туралы белгі

Есепке алынды	Есептен шығарылды	Тұрақты тұрғылықты жерінің мекенжайы

Аңшы, балықшы және қорықшы
куәлігін беру ережесіне
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.12.2015 № 18-03/1111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

Сырт жағы

Сауалнама

3 x 4 см фотосуретке арналған орын мөр орны	Тегі _____ Аты _____ Әкесінің аты _____ Туған күні _____ жылғы " ____ " _____
---	---

Азаматтығы _____

Жеке куәлігі/паспорты _____

ЖСН _____

Үйінің мекенжайы, телефоны _____

(аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық

басшысына

бірлестіктері қауымдастығының филиалының немесе өкілдігінің атауы)

(аңшы куәлігін (аңшылық билетін) берген ұйымның атауы және берген күні)

_____ берген № _____ аңшы куәлігін беру/ауыстыру үшін мынадай құжаттар беріледі:

1) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі (азаматтығы жоқ тұлғалар мен шетелдік азаматтар үшін – аңшылық шаруашылығы субъектісімен аң аулауды ұйымдастыруға жасалған шарттың және тұратын елінде берілген олардың аң аулау және жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат алу құқығын куәландыратын құжаттың көшірмесі);

2) _____

(сауалнамада көрсетілген мекенжайы бойынша өтініш берушінің тұратынын растайтын құжат)

3) Мөлшері 3 x 4 сантиметр фотосурет (түрлі түсті) – 3 дана;

4) Аңшылық минимумы бойынша курсты аяқтағаны туралы сертификаттың көшірмесі.

Жеке тұлғаның тегі, қолы _____ / _____ /

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Күні 20 __ жылғы " __ " _____

Сауалнаманы қабылдадым _____

Өтінішті қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы,
қолы)

Күні 20 __ жылғы " __ " _____

1. Аңшылық минимумы бойынша курсты өткені туралы белгі

Аңшылық минимумы бойынша курсты 20__ жылғы " __ " _____ бастап 20 __ жылғы " __ " _____ аралығында өтті.

Курсты аяқтағаны туралы құжат 20 __ жылғы " __ " _____ берілді.

Курсты өткізген ұйым басшысының қолы _____

(тегі, аты, әкесінің аты)

Мөр орны Күні 20 __ жылғы " __ " _____

2. Емтиханға жіберілгені туралы белгі

Емтиханға _____

(жіберілді/жіберілген жоқ)

Емтихан тапсыруға жіберуден бас тарту негіздемесі _____

Емтиханға жіберген тұлғаның қолы _____ / _____

(тегі, аты, әкесінің аты)

Таныстым, жеке тұлғаның қолы _____ / _____

(тегі, аты, әкесінің аты)

Мөр орны Күні 20 __ жылғы " __ " _____

Емтиханды қайтадан тапсыруға _____

(жіберілді/жіберілген жоқ)

Емтиханды қайтадан тапсыруға жіберуден бас тарту негіздемесі _____

Таныстым, жеке тұлғаның қолы _____ / _____

(тегі, аты, әкесінің аты)

Мөр орны Күні 20 __ жылғы " __ " _____

3. Емтихан нәтижелері туралы белгі

Тест тапсырмасының нөмірі _____

Емтихан нәтижелері:

дұрыс жауаптар _____

(жауаптар саны)

бұрыс жауаптар _____

(сұрақтар саны)

жіберілген қателіктер _____

(сұрақтар саны)

Емтиханның нәтижесі:

Емтихан _____

(тапсырылды/тапсырылған жоқ)

Емтихан қабылдау комиссиясының хатшысы

(тегі, аты, әкесінің аты, қолы)

Күні 20 __ жылғы " __ " _____

Таныстым, жеке тұлғаның қолы/ _____ / _____

Тест тапсырмасының нөмірі _____

Емтихан нәтижелері:

дұрыс жауаптар _____

(жауаптар саны)

Қайталама емтиханның нәтижесі:

Емтихан _____

(тапсырылды/тапсырылған жоқ)

Емтихан қабылдау комиссиясының хатшысы _____

бұрыс жауаптар _____ _____	(тегі, аты, әкесінің аты, қолы) Күні 20 __ жылы " __ " _____
(сұрақтар саны) жіберілген қателіктер _____ _____	Таныстым, жеке тұлғаның қолы/ _____ /
(сұрақтар саны)	

Аңшы, балықшы және қорықшы
куәлігін беру ережесіне
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша алынып тасталды - РҚ Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.10.24 № 17-03/541 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Аңшы, балықшы және қорықшы
куәлігін беру ережесіне
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - РҚ Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.10.24 № 17-03/541 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

Аңшы куәлігін беру журналы

(аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктері қауымдастығының филиалы немесе өкілдігі)

р/с №	Аңшының тегі, аты, әкесінің аты	Тұрақты тұратын жерінің мекенжайы	Аңшы куәлігінің нөмірі, берілген күні	Алғаны туралы қолы
1	2	3	4	5

Аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктері қауымдастығы филиалының немесе өкілдігінің басшысы _____

(қолы) (Т.А.Ж.)

М.О. " __ " _____ 20 __ ж.

Аңшы, балықшы және
қорықшы куәліктерін
беру қағидаларына
4-1-қосымша

Ескерту. Қағида 4-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрінің 29.11.2013 № 362-Ө бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

Аңшы куәлігіне арналған мөрдін ЭСКИЗІ



Ескертпе:

Мөр дөңгелек пішінді болып келеді, мөрдін диаметрі 25 миллиметр, ішкі диаметрі 15 миллиметр. Сыртқы және ішкі диаметрінің аралығында мемлекеттік тілде "Қансонар" қауымдастығы" деген жазу, ішкі шеңбердің ортасында мемлекеттік тілде "Аңшы куәлігіне арналған мөр" деген жазулар бар.

Аңшы, балықшы және қорықшы
куәлігін беру ережесіне
5-қосымша

Ескерту. 5-қосымша алынып тасталды - РҚ Ауыл шаруашылығы министрінің
2012.10.24 № 17-03/541 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ